**"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1438 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 сәуірде № 20505 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1438 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізімінде № 19783 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 13-тарау мынадай келесі редакцияда қолданылады:

"13-тарау. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы және әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша веб-порталда мәліметтерді жаңарту түріндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

445. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қойылады:

1) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асатын болса, тауарларды;

2) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, жұмыстарды;

3) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға құқығы бар.

445-1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы Заңның 51-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

446. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды :

1) кірістер;

2) төленген салықтар;

3) негізгі құралдар;

4) еңбек ақы төлеу қоры.

447. Әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында мынадай шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің кірістері өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде екіден бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

2) төленген салықтардың көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша есептелетін алдыңғы жылдың алдындағы үш жылдың ішінде әлеуетті өнім берушінің кірісінен кемінде үш пайызды құрайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төленген салықтар көрсеткішінің есебі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің мәліметіне сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

ТСК = ТС / КС х 100%,

мұнда:

ТСК – төленген салықтардың көрсеткіші;

ТС-есептелетін үш жылдық кезең үшін төленген салықтарының сомасы;

КС-есептелетін үш жылдық кезең үшін әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

3) әлеуетті өнім берушінің негізгі құралдарының орташа құны өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

4) әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық

жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды.

447-1. тауарларды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 447-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Қағидалардың 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық тұрақты деп танылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Ереженің 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

447-2. Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда күнтізбелік жыл ішінде:

1) осы Қағидалардың 447-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын;

2) Осы Қағидалардың 152-1-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші түрінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийді;

3) осы Қағидалардың 172-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде жеңімпаздың конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болған кезде жеңімпазды анықтау үшін осы мәліметтерді қолдану жылының алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей күнтізбелік жыл ішінде бір рет жаңартылып отырады.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін веб-порталда жаңартылады.

447-3. Әлеуетті өнім берушілер қосымша салық есептілігін ұсынған және олардың қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерінің және (немесе) төленген салықтардың өзгеруіне әкеп соғатын салықтарды төлеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту енгізілген өзгерістердің дұрыстығын мемлекеттік кірістер органдары растағаннан кейін жүзеге асырылады.

447-4. Мемлекеттік кірістер органдары әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін және (немесе) төленген салықтарды негізсіз көтеруге әкеп соққан салық заңнамасын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, уәкілетті орган:

1) веб-порталдан осындай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін алып тастайды;

2) Заңның 11-бабына сәйкес шаралар қабылдайды.

Мұндай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту осы Қағидалардың 447-3-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.".";

3 тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 13-тарау мынадай редакцияда қолданылады:

"13-тарау. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы және әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша веб-порталда мәліметтерді жаңарту түріндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

445. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қойылады:

1) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асатын болса, тауарларды;

2) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, жұмыстарды;

3) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға құқығы бар.

445-1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы Заңның 51-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

446. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды :

1) кірістер;

2) төленген салықтар;

3) негізгі құралдар;

4) еңбек ақы төлеу қоры.

447. Әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында мынадай шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің кірістері өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде екіден бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

2) төленген салықтардың көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша есептелетін алдыңғы жылдың алдындағы үш жылдың ішінде әлеуетті өнім берушінің кірісінен кемінде төрт пайызды құрайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төленген салықтар көрсеткішінің есебі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің мәліметтіне сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

ТСК = ТС / КС х 100%,

мұнда:

ТСК – төленген салықтардың көрсеткіші;

ТС-есептелетін үш жылдық кезең үшін төленген салықтарының сомасы;

КС-есептелетін үш жылдық кезең үшін әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

3) әлеуетті өнім берушінің негізгі құралдарының орташа құны өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

4) әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды.

447-1. тауарларды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 447-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Қағидалардың 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық тұрақты деп танылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Ереженің 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

447-2. Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда күнтізбелік жыл ішінде:

1) осы Қағидалардың 447-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын;

2) Осы Қағидалардың 152-1-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші түрінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийді;

3) осы Қағидалардың 172-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде жеңімпаздың конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болған кезде жеңімпазды анықтау үшін осы мәліметтерді қолдану жылының алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей күнтізбелік жыл ішінде бір рет жаңартылып отырады.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін веб-порталда жаңартылады.

447-3. Әлеуетті өнім берушілер қосымша салық есептілігін ұсынған және олардың қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерінің және (немесе) төленген салықтардың өзгеруіне әкеп соғатын салықтарды төлеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту енгізілген өзгерістердің дұрыстығын мемлекеттік кірістер органдары растағаннан кейін жүзеге асырылады.

447-4. Мемлекеттік кірістер органдары әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін және (немесе) төленген салықтарды негізсіз көтеруге әкеп соққан салық заңнамасын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, уәкілетті орган:

1) веб-порталдан осындай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін алып тастайды;

2) Заңның 11-бабына сәйкес шаралар қабылдайды.

Мұндай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту осы Қағидалардың 447-3-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.";";

4 тармақтың 2) тармақшасы мынадай редацияда жазылсын:

"2) 13-тарау мынадай редакцияда қолданылады:

"13-тарау. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы және әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша веб-порталда мәліметтерді жаңарту түріндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібі

445. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қойылады:

1) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асатын болса, тауарларды;

2) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен асатын болса, жұмыстарды;

3) егер тиісті мемлекеттік сатып алудың (лоттың) бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға құқығы бар.

445-1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы түріндегі біліктілік талабы Заңның 51-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

446. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды :

1) кірістер;

2) төленген салықтар;

3) негізгі құралдар;

4) еңбек ақы төлеу қоры.

447. Әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында мынадай шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің кірістері өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде екіден бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

2) төленген салықтардың көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша есептелетін алдыңғы жылдың алдындағы үш жылдың ішінде әлеуетті өнім берушінің кірісінен кемінде бес пайызды құрайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төленген салықтар көрсеткішінің есебі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің мәліметтіне сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

ТСК = ТС / КС х 100%,

мұнда:

ТСК – төленген салықтардың көрсеткіші;

ТС-есептелетін үш жылдық кезең үшін төленген салықтарының сомасы;

КС-есептелетін үш жылдық кезең үшін әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

3) әлеуетті өнім берушінің негізгі құралдарының орташа құны өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық

жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды;

4) әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры өткен жылдың алдындағы үш жылдың ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен аспайды.

447-1. тауарларды мемлекеттік сатып алуда қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 447-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Қағидалардың 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық тұрақты деп танылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол осы Ереженің 447-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға жиынтығында сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

447-2. Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда күнтізбелік жыл ішінде:

1) осы Қағидалардың 447-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын;

2) Осы Қағидалардың 152-1тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші түрінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийді;

3) осы Қағидалардың 172-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде жеңімпаздың конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болған кезде жеңімпазды анықтау үшін осы мәліметтерді қолдану жылының алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей күнтізбелік жыл ішінде бір рет жаңартылып отырады .

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін веб-порталда жаңартылады.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы және (немесе) төленген салықтар көрсеткіштері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін веб-порталда жаңартылады.

447-3. Әлеуетті өнім берушілер қосымша салық есептілігін ұсынған және олардың қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерінің және (немесе) төленген салықтардың өзгеруіне әкеп соғатын салықтарды төлеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту енгізілген өзгерістердің дұрыстығын мемлекеттік кірістер органдары растағаннан кейін жүзеге асырылады.

447-4. Мемлекеттік кірістер органдары әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін және (немесе) төленген салықтарды негізсіз көтеруге әкеп соққан салық заңнамасын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, уәкілетті орган:

1) веб-порталдан осындай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін алып тастайды;

2) Заңның 11-бабына сәйкес шаралар қабылдайды.

Мұндай әлеуетті өнім берушілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтерін веб-порталда жаңарту осы Қағидалардың 447-3-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.";".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары- Қаржы министрі* | *А. Смаилов* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК